

7. Определить, что правопреемником по всем обязательствам товарищества с ограниченной ответственностью «Пассажирские перевозки города Атбасар» в отношении всех его кредиторов и должников, включая и обязательства, оспариваемые сторонами, является товарищество с ограниченной ответственностью «ТП Атбасар».

8. Органу управления произвести государственную регистрацию товарищества с ограниченной ответственностью «ТП Атбасар» в органах юстиции.

9. Контроль за исполнением настоящего постановления оставляю за собой.

10. Настоящее постановление акимата района вводится в действие со дня подписания.

**Исполняющий обязанности
акима Атбасарского района**



К.Игибаев



ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

2017.03.11.

Атбасар қаласы

№ а-11/435

г. Атбасар

**«Атбасар КК»
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігін құру туралы**

Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексіне, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы, «Шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» 1998 жылғы 22 сәуірдегі Заңдарына сәйкес, Атбасар ауданының әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қызметінің негізгі түрі жолаушылар тасымалы болып табылатын жарғылық капиталда мемлекеттің қатысуы басым емес үлесімен «Атбасар КТ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі құрылсын.

2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Жарғысы және жарғылық капиталда мемлекеттің қатысу үлесі 49% бекітілсін.

3. «Атбасар КК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрылтайшысы Атбасар ауданының әкімдігі және Касьянов Қайрат Шагирович болып табылады.

4. «Атбасар КТ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басқару органы болып «Атбасар ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі белгіленсін.

5. «Атбасар КК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жарғылық капиталына салым ретінде қосымшаға сәйкес мүлік берілсін.

6. «Атбасар КТ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Атбасар ауданы, Атбасар қаласы, Мұқышев көшесі 28 "а" болып анықталсын.

7. «Атбасар қаласының жолаушылар тасымалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің барлық міндеттемелері бойынша, оның тараптармен дауласатын, міндеттемелерін қоса алғанда барлық

кредиторлар мен борышкерлеріне қатысты мирасқоры болып «Атбасар КК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі анықталсын.

8. Басқару органы «Атбасар КК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді жасасын.

9. Осы қаулының орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

10. Осы қаулысы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енеді.

**Атбасар ауданы әкімінің
міндетін атқарушы**



Қ.Игібаев

